Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

YESSENOV
UNIVERSITY

Ғылыми кеңестің шешімімен
(25.02.2019 №7 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП КОДЕКСІ

АҚТАУ 2019

Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ ҰЖЫМ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП КОДЕКСІ

(КМТИУ ұжым мүшелері-профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің қызметтік әдеп қағидалары)

НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

1-бап

Ғылым-білім беру қызметін транспаренттілік қағидаттарында жүзеге асыратын Каспий маңы өңірінің ғылыми-білім беру хабын құру бойынша миссияны іске асыру үшін жауапкершілік, оның негізінде университеттің және өңірдің бизнес-процестеріне тартылған кадрлық ресурстың қазіргі қоғам талаптарына сәйкес келетін бәсекеге қабілетті және креативті буынын дамытудың ерекше моделі қалыптасатын, оның әлеуметтік-экономикалық өсуін және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде сұраныска ие маман, әлеуметтік бағдарланған, аса мәдениетті және толерантты тұлғаны қалыптастыру, университет дамуының стратегиялық жоспарын жүзеге асыру;

2-бап

Зерттеу ЖОО-на көшуді тиімді жүзеге асыратын білім беру көшбасшысы ретінде университеттің корпоративтік мәдениеті мен имиджін қолдау және дамыту.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3-бап

Жоғары білім беру ұйымдарында (ары қарай - Университет) қызмет ету қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және Университет қызметкерлерінің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Университет қызметкерлері – бұл жоғары мәдениеттің, моральдың үлгісі, мәдени дәстүрлерді, мемлекеттілік пен қазақстандық патриотизм идеяларын белсенді насихаттаушы. Олар жоғары білім беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады және заңнама нормаларының бұзылуына жол бермейді.

4-бап

КМТИУ ұжым мүшелерінің осы әдеп кодексі (КМТИУ ұжым мүшелері-профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің қызметтік әдеп қағидалары, бұдан әрі – Кодекс) ҚР Конституциясына, Қазақстан

Республикасының Білім туралы Заңына, Ш. Есенов атындағы КМТИУ Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес КМТИУ ұжым мүшелерінің мінез-құлкының негізгі стандарттарын белгілейді.

5-бап

Кодекс қоғамның университетке деген сенімін, жағымды пікірін нығайтуға, қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ СТАНДАРТТАРЫ

6-бап

Университет қызметкерлері:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Ш.Есенов атындағы КМТИУ Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін, Академиялық адалдық ережелерін, оқу-әдістемелік жұмыс регламентін, ғылыми-зерттеу жұмысының регламентін білуге және сақтауға;

2) өздерінің ар-намысы мен өз мамандығын құрметтей отырып, университеттің барлық деңгейдегі құрылымдарының абыройына қамқорлық жасауға;

3) университет дәстүрлерін құрметтеуге;

4) университеттің беделінің өсуіне, оның ғылыми-техникалық және мәдени дамуына ықпал етуге;

5) білім алушы жастарды ғылым, білім беру және тәрбиелеу үшін адал еңбек етуге, өзінің қызметтік міндеттерін қатаң сақтауға, өзінің ғылыми және кәсіби біліктілігін үнемі арттыруға;

6) моральдық-этикалық нормаларды сақтауға;

7) мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

8) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға міндетті.

7-бап

1. Университет қызметкерлері өзінің бейнесі мен мінез-құлқымен жоғары адамгершілік қағидаттарды бекітуі, білім алушылар мен қызметтес әріптестеріне сыпайы және әділ болуы тиіс.

2. Университет қызметкерлері сыйластық атмосферасын, шығармашылық ынтымақтастық пен рухани өсуді қолдап, ұжымда, студенттік топтарда жанжалды жағдайлардың туындауына жол бермеуі тиіс.

3. Өзінің қызметке деген көзқарасы мен жеке мінез-құлқымен ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға ықпал етуі тиіс.

4. Университет қызметкерлері кәсіптік бағдар беру жұмыстарына, университеттің, қаланың, облыстың қоғамдық және мәдени өміріне, студент жастардың мәдениеті мен білім деңгейін арттыру үрдісіне белсенді атсалысуы тиіс.

5. Университет қызметкерлері өзінің қызметтік міндеттерін адал, әділ және сапалы орындауы, өзінің жұмыс уақытын тиімді пайдалануы тиіс.

6. Университет қызметкерлері өздерінің іс-әрекеті арқылы білім алушыларға еңбек және оқу тәртібі ережелерін сақтаудың, әріптестеріне құрметпен қараудың үлгісі бола білуі тиіс.

8-бап

Университет қызметкері үшін түсініспеушілік, сенімсіздік атмосферасын, университетке, қоғамға, жеке тұлғаларға моральдық және материалдық зиян келтіретін жанжалды және криминогендік жағдайларды тудыратын іс-әрекеттері үйлесімсіз болып табылады.

9-бап

1. Университет қызметкерлері университет ішіндегі қабылданған ережелерді сақтауы тиіс.

2. Университет қызметкерлері өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде іскерлік киім стилін ұстанғаны тиіс;

3. Университет қызметкерлерінің бірлескен қызмет етуі барысында тиімді қызмет нәтижесін қамтамасыз ете алатындай жұмыс өзара келісілген және үйлестірілген түрде ұйымдастырылуы тиіс.

4. Университет қызметкерлері сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыбайлас жемқорлық құбылыстары мен құқық бұзушылықтарға жол бермеуге тиіс.

5. Университет қызметкерлері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін жеке мүліктік және мүліктік емес пайда табу мақсатында пайдаланбауы тиіс, қызметкерлердің іс-әрекетіне қандай да бір тәуелді болатын мүдделі тұлғалардан көрсетілген қызметтер үшін қандай да бір "сыйлықтар" қабылданбауы, талап етілмеуі тиіс.

6. Университет қызметкерлері Ш. Есенов атындағы КМТИУ жоғары адамгершілік, зияткерлік күштің үлгісіне айналуы және оның имиджі мен

іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосуы үшін барлық мүмкін күш-жігерлерін жұмсауы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

10-бап

1. Осы этика кодексінің нормалары КМТИУ барлық оқытушылары, қызметкерлері үшін, лауазымы мен жұмыс мерзіміне қарамастан бірдей міндетті болып табылады.

2. Жұмыска қабылданған әрбір қызметкер еңбек шартын жасау барысында осы Кодекстің нормаларымен таныскандығын жазбаша түрде растауы тиіс.

3. Этика кодексі нормаларын бұзу жағдайлары КМТИУ Әдеп жөніндегі Комиссия отырысында талқыланып, шара колданылуы тиіс.